

Қою қара түсті және толықтырғыштың концентрациясы жоғары болғанда жақсы аққыштығы бар, литографиялық бояуларды алу үшін стандартты каналды күйені қосымша ауада тотықтырады. Күйе 300-540°С температурада және атмосфералық ауада U-тәріздес темір науада өткізіледі. Күйенің бетінде хемосорбцияланған оттеппен бірге ұсталатын ұшқыш заттардың мөлшері әдеттегі 5% мөлшерінен максималды 18% мөлшеріне дейін өсіп, күйенің шығымы біршама төмендейді.

Сонымен, сорттары әртүрлі каналды күйені бөлшектерінің мөлшері 50-ден 350А° дейін, ал ұшқыш заттарының болуы 5-тен 17% дейін өзгере алады. Каналдық күйе өнеркәсіптің резеңке, лакбояу және полиграфиялық салаларында қолданылады.

Бұл процестің көмегімен 1м³ метаннан 16-30г күйе алуға болады, ол теориялық мөлшердің (533г) небары 3-5%-ын құрайды. Сондықтан, бұл тәсілмен алынған күйенің жоғары сапасына қарамастан, шығымы жоғары және сапасы кем өнім беретін пештік процесс кең тараған.